



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№35БАСПАСӨЗРЕЛИЗІ

ҚР Ұлттық Банкінің «Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы: ұлттық валюта» атты конференциясы туралы

2016 жылғы 15қарашаАстанақ.

Бейбітшілік және келісім сарайында ҚР Ұлттық Банкінің «Қазақстан Тәуелсіздігінің25 жылдығы: ұлттық валюта» атты конференциясы өтті.

ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Н. Әбдіқалықова конференцияға қатысушыларды құттықтап, сөз сөйледі. Өз сөзінде Мемлекеттік хатшы конференция еліміздің Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерейлі белесінің қарсаңында өтіп жатқанын атап өтті.

«Мемлекет басшы Н.Ә. Назарбаевтың бірегей көшбасшылығымен Қазақстан ғасырға бергісіз жолдан өтті. Жарқын жетістіктер мен толағай табыстардың 25 жылы – Елбасының көреген және сарабал саясатының салтанаты», - деп атап өтті Г. Әбдіқалықова.

Мемлекеттік хатшы «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісім үлгісі Қазақстанның жарқын жетістіктерінің шешуші факторы екеніне және оған Ел бірлігінің теңдессіз үлгісі – Қазақстан халқы Ассамблеясы ұйытқы болғанына» тоқталды.

Мемлекеттік хатшы конференцияға қатысушыларды кәсіби мерекесі - Ұлттық валюта күнімен құттықтап, Мемлекет басшысының 1993 жылы төл теңгемізді енгізу туралы тарихи шешімінің көрегендігін атап өтті.

Іс-шара барысында ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған 10мыңдық кәдесыйлық банкнотты және ескерткіш монетаны таныстырды. Сонымен бірге конференцияға белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен экономистер қатысты.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz